

Қалдықтардың жинақталу лимиттері мен қалдықтарды көму лимиттерін есептеу әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 22 маусымдағы № 206 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 1 шілдеде № 23235 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 41-бабының 7-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қалдықтардың жинақталу лимиттері мен қалдықтарды көму лимиттерін есептеудің әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрі*

М. Мирзагалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің
2021 жылғы 22 маусымдағы
№ 206 Бұйрығымен
бекітілген

Қалдықтардың жинақталу лимиттері мен қалдықтарды көму лимиттерін есептеу әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы қалдықтардың жинақталу лимиттері мен қалдықтарды көму лимиттерін есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасының Экология кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 41-бабының 7-тармағына сәйкес әзірленді және қалдықтардың жинақталу лимиттері мен қалдықтарды көму лимиттерін есептеу іс-қимылдарының алгоритмін айқындайды.

2. Қалдықтарды жинақтау лимиттері мен көму лимиттері қоршаған ортаны қорғауды және адам өмірі және (немесе) денсаулығы үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, көмуге жататын қалдықтардың санын азайту және оларды қайта пайдалануға, қайта өңдеуге және кәдеге жаратуға дайындауды ынталандыру мақсатында белгіленеді.

3. Қалдықтардың жинақталу лимиттері I және II санаттағы объектілердің құрамына кіретін қалдықтардың әрбір нақты жинақталу орны үшін тиісті жинақтау орнында жинақтауға рұқсат етілген қалдықтардың түрлері бойынша олардың шекті саны (массасы) түрінде белгіленеді.

Қалдықтарды жинау орындары:

1) қалдықтарды жинау (мамандандырылған ұйымдарға беру) немесе осы қалдықтар қалпына келтіру немесе жою жөніндегі операцияларға ұшырайтын объектіге оларды өз бетінше әкету күніне дейін алты айдан аспайтын мерзімге қалдықтарды түзілген жерінде уақытша жинап қоюға;

2) пайдаланудан шыққан көлік құралдарын және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда, қауіпті емес қалдықтар қалпына келтіру немесе жою жөніндегі операцияларға ұшырайтын объектіге оларды әкету күніне дейін үш айдан аспайтын мерзімге қауіпті емес қалдықтарды жинау процесінде уақытша жинап қоюға (контейнерлерде, қайта тиеу және сұрыптау станцияларында);

3) қалдықтар қалпына келтіруге немесе жоюға жіберілгенге дейін алты айдан аспайтын мерзімге осы қалдықтар қалпына келтіру немесе жою жөніндегі операцияларға ұшырайтын объектіде оларды уақытша жинап қоюға арналады.

Пайдаланудан шыққан көлік құралдары және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы үшін оларды жинау процесінде уақытша жинап қою мерзімі алты айдан аспауға тиіс;

4) тау-кен өндіру және тау-кен қайта өңдеу өндірістерінің қалдықтарын, оның ішінде металлургия және химия-металлургия өндірістерінің қалдықтарын олар қалпына келтіруге немесе жоюға жіберілген күнге дейін он екі айдан аспайтын мерзімге түзілген жерінде уақытша жинап қоюға арналады.

4. Қалдықтарды жинақтау лимиттері мен қалдықтарды көму лимиттерін I және II санаттағы объектілердің операторлары экологиялық рұқсат алу кезінде қалдықтарды басқару бағдарламасында негіздейді және тиісті экологиялық рұқсатта белгіленеді.

Қалдықтарды жинақтауға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес арнайы белгіленген және жабдықталған орындарда (алаңдарда, қоймаларда, қоймаларда, контейнерлерде және өзге де сақтау объектілерінде) ғана рұқсат етіледі.

5. Қалдықтарды көму лимиттері I және II санаттағы объектілердің құрамына кіретін қалдықтардың әрбір нақты полигоны үшін қалдықтардың тиісті полигонда көмуге рұқсат етілген түрлері бойынша олардың шекті мөлшері (массасы) түрінде белгіленеді.

6. Қалдықтарды көму лимиті тиісті полигонның өндірістік қуатына сәйкес әрбір күнтізбелік жылға белгіленеді.

7. Қалдықтарды жинақтау лимиттері мен қалдықтарды көму лимиттері III және IV санаттағы объектілер үшін белгіленбейді және экологиялық нормалауға жатпайды.

8. Қалдықтардың жинақталу лимиттері мен қалдықтарды көму лимиттері әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған өтінім құрамында кемінде он жылда бір рет қайта қаралады.

9. Оператордың бастамасы бойынша қалдықтар жинақталуының бұрын белгіленген лимиттерін және олардың қолданылу мерзімі өткенге дейін қалдықтарды көму лимиттерін қайта қараудың себептері мыналар болып табылады:

1) қолданыстағы экологиялық рұқсатта көрсетілген экологиялық жағдайларды өзгертуді талап ететін қолданылатын технологиялардың өзгеруі;

2) Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 108-бабына сәйкес экологиялық рұқсатты қайта ресімдеу;

3) Кешенді экологиялық рұқсатта қалдықтарды жинақтау лимиттері мен көму лимиттерін қайта қарау Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 118-бабына сәйкес жүргізіледі.

10. Ауызсумен және шаруашылық-ауызсумен жабдықтау үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жерасты су объектілерінің су жинау алаңдарында қалдықтарды көмуге, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) және жерасты суларының жай-күйіне жағымсыз әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға жол берілмейді.

11. Қалдықтарды жинақтау лимиттері мен қалдықтарды көму лимиттері осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша келтірілген.

2-тарау. Қалдықтарды көму лимиттерін есептеу.

12. Қалдықтардың жинақталу лимиттері мен қалдықтарды көму лимиттері жүргізілетін өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша алынған әсер ету саласына Қоршаған орта компоненттерінің (атмосфералық ауаның, жер үсті және жер асты суларының, топырақ жамылғысының) жай-күйі туралы деректерді ескере отырып есептеледі.

13. Осы қалдықтар түрін орналастыру нормативі жыл сайын тонналарда мына формула бойынша анықталады:

$$M_{\text{норм}} = 1/3 \cdot M_{\text{түз}} \cdot (K_c + K_t + K_a) \cdot K_p,$$

мұнда $M_{\text{норм}}$ осы қалдықтар түрін орналастыру нормативі, тонна/жыл; $M_{\text{түз}}$ - осы қалдық түрінің түзілу көлемі, т/жыл;

K_c , K_t , K_a , K_p - жер асты суларына, жақын жатқан аумақтардың топырағына ЛЗ көшу дәрежесін, эолдық таралуды, жерді қалпына келтіру ұтымдылығын есепке алудың төмендету, өлшемсіз коэффициенттері.

14. Жерасты суларына қоймаланған қалдықтардан ластаушы заттардың көшуін ескеретін төмендеткіш коэффициенттер (K_c), жапсарласқан аумақтардың топырағына қоймаланған қалдықтардан ластаушы заттарды (бұдан әрі - ЛЗ) апару деңгейі (K_t) және шаң түрінде жинақтағыштан дисперсияны шығару арқылы атмосферада ЛЗ эолдық арақашықтығының деңгейі (K_a), келесі формулалар бойынша "мөлшер-тиімділік" тәуелділігінің экспоненциалдық сипатын ескере отырып, ескеріледі:

$$K_c = \frac{1}{\sqrt{d_c}}$$

$$K_t = \frac{1}{\sqrt{d_t}}$$

$$K_a = \frac{1}{\sqrt{d_a}}$$

мұнда d_c , d_t , d_a - сәйкесінше жер асты суларының, топырақтың және атмосфералық ауаның қалдықтарда бар химиялық элементтермен және қосылыстармен ластану деңгейінің көрсеткіштері, олар мына формулалармен анықталады:

$$d_c = 1 + \sum_{i=1}^n a_i (d_{ic} - 1),$$

$$d_t = 1 + \sum_{i=1}^n a_i (d_{it} - 1),$$

$$d_a = 1 + \sum_{i=1}^n a_i (d_{ia} - 1),$$

мұнда a_i - i - ластаушы зат үшін изотиімділік коэффициенті;
 бірінші қауіптілік сыныбындағы ЛЗ үшін - 1,0;
 екінші қауіптілік сыныбындағы ЛЗ үшін - 0,5;

үшінші қауіптілік сыныбындағы ЛЗ үшін - 0,3;

төртінші қауіптілік сыныбындағы ЛЗ үшін - 0,25 тең.

d_{ic} , d_{it} , d_{ia} - қалдықтарды орналастыру объектісінің санитариялық қорғаныш аймағының шекарасында сәйкесінше жер асты суларды, топырақты және атмосфералық ауаны сынамалау бойынша есептелген i - ластаушы затпен ластану деңгейі;

n - ластаушы заттардың саны (зерттелетін қалдықтарды орналастыру объектісі үшін белгіленген ластаушы заттардың қауымдығымен анықталады). Ортаның тиісті құрамдас бөлігінің ластану деңгейі мына формулалар бойынша анықталады:

$$d_{ic} = \frac{C_{ic}}{РЕШШ_{ic}}$$

$$d_{it} = \frac{C_{it}}{РЕШШ_{it}}$$

$$d_{ia} = \frac{C_{ia}}{РЕШШ_{ia}}$$

мұнда C_{ic} , C_{it} , және C_{ia} - i - ЛЗ шоғырлануының сәйкесінше судағы (мг/дм³), топырақтағы (мг/кг) және атмосфералық ауадағы (мг/дм³) орташаланған мәні;
СЭН - сапасының экологиялық нормативі.

Тиісті қатынастарды реттеу кезінде сапаның экологиялық нормативтері бекітілгенге дейін Кодекстің 418-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекіткен гигиеналық нормативтер қолданылады.

$РЕШШ_{ic}$, $РЕШШ_{it}$ және $РЕШШ_{ia}$ - i - ЛЗ сәйкесінше судағы (мг/дм³), топырақтағы (мг/кг) және атмосфералық ауадағы (мг/дм³) рұқсат етілген шекті шоғырлануы.

ҚО тиісті компонентіндегі ЛЗ шоғырлануының орташаланған шамасы мына формулалармен есептеледі:

$$C_{ic} = 1/m \sum_{j=1}^m C_{jic}$$

$$C_{it} = 1/k \sum_{j=1}^k C_{jit}$$

$$C_{ia} = 1/r \sum_{j=1}^r C_{jia}$$

мұнда m - сулардағы ЛЗ бар болуын анықтау үшін сынама алу нүктелерінің жалпы саны;

k - топырақта ЛЗ бар болуына сынама алу нүктелерінің жалпы саны;

r - ауада ЛЗ бар болуына сынама алу нүктелерінің жалпы саны;

C_{jic} , C_{jiT} , C_{jia} - сәйкесінше судағы (мг/дм^3), топырақтағы (мг/кг) және атмосфералық ауадағы (мг/дм^3) i -ші сынама алу нүктесіндегі i -ші ЛЗ шоғырлануы.

15. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру объектісінің орналасу ауданындағы (СҚА шекарасында) қоршаған орта (атмосфералық ауаның, жер үсті және жер асты суларының, топырақ жамылғысының) құрамдас бөліктерінің ахуалы туралы мәліметтер жүргізіліп жатқан өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша көрсетіледі.

Қоршаған орта құрамдас бөліктерінің жиынтық ластану көрсеткіші (ЛЖ) жеке ЛЗ шоғырлану коэффициенттерінің сомасы ($K_{ші}$) ретінде келесі формула бойынша анықталады:

$$L_{ж} = \sum_{i=1}^n K_{ші} - (n - 1)$$

мұнда $L_{ж}$ - қоршаған орта құрамдас бөліктерінің жиынтық ластану көрсеткіші; $K_{ші}$ - i -ші ластаушы заттың шоғырлану коэффициенті; i - ластаушы заттың реттік нөмірі; n - қоршаған ортаның құрамдас бөлігінде анықталатын ластаушы заттардың саны.

Жеке ЛЗ шоғырлануының коэффициенті мына формула бойынша анықталады:

$$K_{ші} = C_i / \text{РЕШШ}_i$$

мұнда C_i - қоршаған ортаның құрамдас бөлігінде ЛЗ шоғырлануы, мг/дм^3 (су үшін); мг/кг (топырақ үшін) және мг/м^3 (атмосфералық ауа үшін);

РЕШШ_i - қоршаған ортаның құрамдас бөлігіндегі ЛЗ шекті жол берілген шоғырлануы, мг/дм^3 ; мг/кг ; мг/м^3 .

Қоршаған ортаның экологиялық жай-күйі осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша келтірілген.

ҚО жай-күйіне сәйкес осы орналастыру объектісіне ӨҚ сақтау мүмкіндігі туралы тиісті шешім қабылданады. Бұл жағдайда экожүйеге келесі салмақтарды жіктеу қарастырылады:

1) жол берілген - экожүйенің құрылымы мен қызметі шамалы (қайтымды) өзгерістермен сақталатын техногенді жүктеме;

2) қауіпті - құрылым әлі сақталатын, бірақ қайтымды өзгерістер санының артуымен қоса экожүйенің қызмет етуінің бұзылуы байқалатын жүктеме;

3) сыни - экожүйенің ахуалы мен құрылымына елеулі кері өзгерістер тигізетін ҚО құрамдас бөліктеріндегі өзгерістердің елеулі жиналуы пайда болуда;

4) апатты - экожүйенің жеке бөліктерінің түсуіне, тіпті олардың толық қирауына (бұзылуына) дейін әкеліп соқтыратын жүктеме. Егер қоршаған ортаның ахуалына түсетін жүктеме өте қиын немесе апатты болып анықталса, онда қалдықтарды орналастыруға болмайды.

16. Есепке алу коэффициенті қалпына келтіру орналасқан қатынасы ретінде нақты және жоспарлы алаңдарды қалпына келтіру тұқымдық үйінді жыл алдындағы нормируемому, мына формула бойынша:

$$K_p = \frac{P_{i.ж}}{P_{ж}}$$

мұнда $P_{ж}$, $P_{i.ж}$ - нормаланатын жылдың алдындағы жылға жоспарланған орналастыру орнын топырақты қалпына келтіру ауданы және іс жүзінде рекультивациялау жүргізілген аудан.

17. Топырақты қалпына келтіруді есепке алу коэффициентінің (K_p) шамасы 0,5 - 1,0 аралығының шегінен тыс болса, онда $M_{норм}$ есептеу кезінде оларға көрсетілген аралықтың ең жақын шегінің мәні беріледі.

Есептеу әдістемесіне
қалдықтардың жинақталу
лимиттері мен қалдықтарды
көму лимиттерінің
1-қосымшасы
Нысан

**_____ жылға арналған
қалдықтардың жинақталу лимиттері**

Қалдықтардың атауы	Қазіргі жағдайға жинақталған қалдықтардың көлемі , тонн/жыл	Жинақтау лимиті, тонн/ жыл
1	2	3
Барлығы		
оның ішінде өндіріс қалдықтарын		
тұтыну қалдықтарын		
Қауіпті қалдықтар		
қалдықтар тізімі		

Қауіпті емес қалдықтар		
қалдықтар тізімі		
Айналы		

Ескертпелер:

1-бағанда қалдықтардың қауіпті қасиеттеріне сәйкес қалдықтардың атауы көрсетіледі.

2-бағанда жинақталған қалдықтардың көлемі қазіргі жағдайға (әзірлеу сәтіне) көрсетіледі)

3-бағанда жинақтау қалдықтары көлемінің лимиті көрсетіледі

жылға арналған қалдықтарды көму лимиттері

Қалдықтардың атауы	Қазіргі жағдайға көмілген қалдықтардың көлемі, тонн/жыл	Білімі, тонн/жыл	Жерлеу лимиті, тонн/жыл	Қайта пайдалану, қайта өңдеу, тонн/жыл	Үшінші тарапқа беру ұйымдарға, тонн/жыл
1		2	3	4	
Барлығы					
оның ішінде өндіріс қалдықтарын					
тұтыну қалдықтарын					
Қауіпті қалдықтар					
қалдықтар тізімі					
Қауіпті емес қалдықтар					
қалдықтар тізімі					
Айналы					
қалдықтар тізімі					

Ескертпелер:

1-бағанда қалдықтардың қауіпті қасиеттеріне сәйкес қалдықтардың атауы көрсетіледі

2-бағанда қалдықтардың пайда болу көлемі көрсетіледі

3-бағанда көмуге арналған өндіріс және тұтыну қалдықтарының көлемі көрсетіледі

4,5-бағанда бөгде ұйымдарға қайта өңдеуге, кәдеге жаратуға, жоюға, жоюға, көмуге , қайта пайдалануға беруге арналған қалдықтардың көлемі көрсетіледі.

Есептеу әдістемесіне
қалдықтардың жинақталу
лимиттері мен қалдықтарды
көму лимиттерінің
2-қосымшасы

Нысан

Қоршаған ортаның экологиялық күйі

Параметрлердің атауы	Қоршаған ортаның экологиялық күйі			
	Рұқсат етілген (салыстырмалы қанағаттанарлық)	Қауіпті	Ауыспалы (төтенше)	Апаттық (зілзала)
1	2	3	4	5
1. Су ресурстары				
1. РЕШШ артық болу, есе:				
1-2 қауіптілік сыныбы ЛЗ үшін	1	1-5	5-10	более 10
3-4 қауіптілік сыныбы ЛЗ үшін	1	1-50	50-100	более 100
2. Сомалық ластану көрсеткіші:				
1-2 қауіптілік сыныбы ЛЗ үшін	1	1-35	35-80	более 80
3-4 қауіптілік сыныбы ЛЗ үшін	10	10-100	100-500	более 500
3. Өңірлік минералдану деңгейінің артық болуы, есе				
	1	1-2	2-3	3-5
2. Топырақтар				
1. Суда еритін тұздар құрамының артуы, 0-30 см қабатта г/100г топыраққа				
	до 0,1	0,1-0,4	0,4-0,8	более 0,8
2. ЛЗ РЕШШ артық болуы				
1 қауіптілік сыныбы	до 1	1-2	2-3	более 3
2 қауіптілік сыныбы	до 1	1-5	5-10	более 10
3-4 қауіптілік сыныбы	до 1	1-10	10-20	более 20
3. Сомалық ластану көрсеткіші				
	менее 16	16-32	32-128	более 128
3. Атмосфералық ауа				
1. РЕШШ артық болуы, есе				
1-2 қауіптілік сыныбы ЛЗ үшін	до 1	1-5	5-10	более 10
3-4 қауіптілік сыныбы ЛЗ үшін	до 1	1-50	50-100	более 100